




А.А. Молдахмет<sup>1</sup>, Д.Ә. Талеев<sup>2</sup>\*, С.Ф. Есен<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы,  
e-mail: [arhadkz@mail.ru](mailto:arhadkz@mail.ru)

<sup>2</sup> т.ғ.к., Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы, Қазақстан  
Республикасы,  
e-mail: [doc19\\_59@mail.ru](mailto:doc19_59@mail.ru)

<sup>3</sup> PhD., Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail: [syrym.e@mail.ru](mailto:syrym.e@mail.ru)




## ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СОЗАҚ

### Аңдатпа

Созақ – қазақ тарихындағы ірі ортағасырлық қалалардың бірі болып, Қазақ хандығы дәуірінде рухани-мәдени, экономикалық, стратегиялық және саяси маңызы зор орталық болған. Қала туралы алғашқы жазба деректер XIII ғасырдан басталады. Ең ерте мәліметтердің бірі – Армян патшасы Гетумның Моңғолияға сапарында Созақты атап өтуі. Кейінгі ғасырларда бұл қала жөнінде мәліметтер Қазақ хандығы мен Ресей империясына қатысты жазба мұраларда жиі кездеседі, әсіресе XV ғасырдың екінші жартысынан XIX ғасырға дейінгі деректерде Созақтың тарихы мен қызметі туралы мол ақпарат сақталған. Ортағасырлық хроникаларға сәйкес, Созақ Қаратау тауларының теріскей беткейіндегі маңызды керуен жолында орналасып, Шығыс пен Батысты байланыстыратын сауда жолының түйінді нүктесі болған. Дегенмен, қаланың пайда болу кезеңдері мен урбанизациясы жайлы нақты жазба деректер жоқ. Осы олқылықты археологиялық зерттеулер толықтырады. Қазіргі Созақ аумағында жүргізілген қазбалар қала екі кезеңде дамығанын көрсетті: Тарсатөбе (б.з.д. III ғ. – б.з. IX ғ.) және Өрқақпа (XII-XIX ғғ.). Ғалымдар бұл екі қалашықты бөлек емес, бір қаланың тарихи кезеңдері ретінде қарастырады. Олар мерзімдік тұрғыдан бірін-бірі толықтырып, үздіксіз дамыған. Археологиялық материалдар Созақтың ортағасырлық урбанизациясы мен мәдени өмірінің дамуын түсінуге маңызды дерек береді және өңір тарихын зерттеуде ерекше мәнге ие.

**Кілт сөздер:** Созақ, қала, археология, қазба, кесік, зерттеу, деректер, мерзімделу, Тарсатөбе, Өрқақпа.

**Қаржыландыру көзі:** Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2025-2027 жж. арналған ЖТН «AP26103999 Ортағасырлық Сарайшық қалашығының тарихын кешенді зерттеу» жобасы шеңберінде орындалды.

А.А. Молдахмет<sup>1</sup>, Д.А. Талеев<sup>2</sup>\*, С.Г. Есен<sup>3</sup>

<sup>1</sup>PhD, Международный университет Астана, Астана., Республика Казахстан  
e-mail: [arhadkz@mail.ru](mailto:arhadkz@mail.ru)

<sup>2</sup>к.и.н., *Институт археологии им. А.Х. Маргулана, г. Алматы, Республика Казахстан.*  
e-mail: [doc19\\_59@mail.ru](mailto:doc19_59@mail.ru)

<sup>3</sup>PhD, *Международный университет Астана, Астана, Республика Казахстан.*  
e-mail: [syrym.e@mail.ru](mailto:syrym.e@mail.ru)

## ДРЕВНИЙ И СРЕДНЕВЕКОВЫЙ СОЗАК

### *Аннотация*

Созак – один из крупнейших средневековых городов Казахстана, имевший важное значение как духовно-культурный, экономический, стратегический и политический центр Казахского ханства. Первые письменные упоминания о городе относятся к началу XIII века, в том числе свидетельства армянского царя Гетума, посетившего Монголию. В последующие столетия Созак неоднократно упоминается в документах, связанных с историей Казахского ханства и Российской империи, особенно в источниках XV–XIX веков. Средневековые хроники сообщают, что город находился на важной ветви караванного пути, проходившей по северным склонам Каратау. Этот путь соединял Восток и Запад, превращая Созак в значимый узел международной торговли. Однако письменные источники не дают подробной информации о зарождении города и его урбанистическом развитии. Археологические исследования современного села Созак показали, что город существовал в двух локализациях. Древнейший этап соответствует городищу Тарсатобе (III в. до н.э. – IX в. н.э.), а более поздний – Оркакпа (XII–XIX вв.). Оба памятника расположены на одной территории и представляют последовательные этапы развития одного города. На основе анализа археологических данных учёные пришли к выводу, что Тарсатобе и Оркакпа – это не отдельные поселения, а разные стадии истории Созака. Эти исследования важны для понимания средневековой урбанизации региона и исторического значения города.

**Ключевые слова:** Созак, город, археология, раскоп, разрез, исследования, источники, хронология, Тарсатобе, Оркакпа.

**Источник финансирования:** *Статья подготовлена в рамках проекта «AP26103999 Комплексное изучение истории средневекового городища Сарайшык» Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2025-2027 годы.*

Moldakhmet A.A. <sup>1</sup>, Taleev D.A. <sup>2</sup>, Yessen S.G. <sup>3</sup>

<sup>1</sup> PhD., *Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan*  
e-mail: [arhadkz@mail.ru](mailto:arhadkz@mail.ru)

<sup>2</sup> *Candidate of Historical Sciences, Institute of Archaeology named after A.Kh. Margulan, Almaty, Republic of Kazakhstan, e-mail: [doc19\\_59@mail.ru](mailto:doc19_59@mail.ru)*

<sup>3</sup> PhD., *Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan*  
e-mail: [syrym.e@mail.ru](mailto:syrym.e@mail.ru)

## ANCIENT AND MEDIEVAL SOZAK

### *Abstract*

Sozak – was one of the major medieval cities of the Kazakh steppe, serving as an important cultural, economic, political, and strategic center of the Kazakh Khanate. The earliest written mentions of the city date back to the early thirteenth century, including records related to the journey of the Armenian King Hetum to Mongolia. Later documents from the fifteenth to nineteenth centuries also highlight Sozak's significance in regional politics and trade. According to medieval sources, Sozak was located along a key branch of the caravan route on the northern slopes of the Karatau Mountains. This route connected the East and West, making the city a crucial hub for commerce. However, written records provide limited information about the city's origins or stages of urban development. Archaeological excavations in modern Sozak village revealed two settlement sites. The earlier Tarsatobe existed from the third century BC to the ninth century AD, while Orkakpa

developed later, from the twelfth to nineteenth centuries. These sites reflect a continuous historical and cultural development of the city over many centuries.

**Keywords:** Sozak, city, archeology, excavation, cutting, research, sources, chronology, Tarsatobe, Orkakpa.

**Funding source:** *The article was implemented within the framework of the project «AP26103999 Comprehensive study of the history of the medieval Sarayshyk settlement» of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2025-2027.*

**Кіріспе.** Оңтүстік Қазақстан өңірі ежелден түркі халықтарының саяси, мәдени әрі экономикалық орталығы саналып келген. Әсіресе ортағасырлық кезеңде бұл аймақтағы қалалардың қалыптасу жолдары, олардың өркендеуі мен тарихи тағдыры ерекше маңызға ие. Қалалардың пайда болуы мен дамуы тек қана ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың емес, сонымен қатар халықаралық сауда қатынастарының, мәдени ықпалдастықтардың нәтижесі екендігі белгілі.

Бұған дейінгі зерттеулерімізде аталған мәселе археологиялық деректер мен жазба мұралардың мәліметтері негізінде жан-жақты талданған болатын. Археологиялық қазбалар барысында табылған жәдігерлер қала құрылысының кезеңдік дамуын, тұрмыс пен шаруашылықтың ерекшеліктерін айқындаса, жазба деректер тарихи оқиғалардың желісін, саяси құрылымдардың ықпалын және қалалардың аймақтық маңызын толықтыра түседі.

Сондықтан да Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың тарихын сараптау тек жеке қалалардың тағдырын анықтау ғана емес, тұтас өңірдің өркениеттік дамуын түсінуге мүмкіндік береді. Осы мәселені талдауға бағытталған бұрынғы мақалаларымызда қалалардың пайда болуы мен даму динамикасы ғылыми тұрғыдан қарастырылып, археологиялық материалдар мен жазба деректердің өзара сабақтастығы айқындалған еді [1, 57-б.]. Бұл тақырыптың маңыздылығы айрықша назар аударуды қажет етеді. Ортағасырлық қалалық мәдениеттің қалыптасуы мен даму үрдісін зерттеу тарих ғылымындағы ең күрделі мәселе-лердің бірі болып саналады. Қалалардың пайда болу кезеңін, олардың өркендеу жолдарын және қалыптасу бағыттарын айқындау бүгінгі таңда өзекті ғылыми міндеттердің қатарында. Мұның себебі түсінікті: Қазақстандағы ортағасырлық ескерткіштер жөніндегі жазба деректердің ауқымы тым шектеулі, ал археологиялық зерттеулер көлемі жеткілікті дәрежеде емес. Соған қарамастан, бізге жеткен кейбір деректер бұл мәселеге қатысты құнды мәлімет береді. Мәселен, ортағасырлық географ әл-Макдиси өзінің еңбектерінде Исфиджаб (Исбиджаб) аймағында ғана елуге жуық қала мен елді мекен болғанын атап көрсетеді. Бұл дерек өңірдің орта-ғасырларда урбанистік тұрғыдан айтарлықтай дамығанын, қалалық орталықтардың саны мен рөлінің зор болғанын аңғартады [2, 78-б.]. Зерттеліп отырған аймақтағы ортағасырлық қала-лардың саны әл-Макдиси заманында аталғандардан да көп екендігі қазіргі ғылымда белгілі болып отыр. Дегенмен араб деректерінде кездесетін тарихи атаулардың барлығы нақты архео-логиялық ескерткіштермен толық сәйкестендірілген жоқ. Қазіргі таңда қазба жұмыстары жүргізілген ірі қалалардың мәдени қабаттары олардың тарихы қаңлы дәуірінен бастау алып, Қазақ хандығы тұсы мен этнографиялық кезеңге дейін үздіксіз жалғасқанын көрсетеді. Мұның айқын мысалы ретінде Отырар, Яссы, Сауран, Сығанақ қалаларының көпқабатты мәдени шөгінділерін атауға болады. Сонымен қатар Қазақстан аумағында Алтын Орда дәуірінде қалыптасып, кейін Ақ Орда кезеңінде өмір сүруін тоқтатқан көптеген ірі ескерткіштер бар. Солардың ішінде археология ғылымының ерекше назарын аударғандары – Сарайшық, Баршынкент (Қышқала), Жент (Жаңақала) және Асанас қалалары. Бұл қалалар тек қана мәдени, рухани және сауда орталықтары емес, сонымен бірге мемлекеттік деңгейде стратегиялық маңызға ие болған. Мәселен, Сарайшық Жошы ұлысы хандары жерленген қасиетті орынға айналды. Ал Баршынкент (Қышқала) ислам тариқаттары кеңінен тараған, ғылым мен білімнің орталығы ретінде танылған. Мұнда рухани-ізгі құндылықтарды насихаттаған, қалалық мәдениетті дамытқан білім ошақтары үздіксіз қызмет еткен. Баршынкенттен табылған мыс және күміс теңгелердің көптігі мен олардың бетінде көрсетілген соғылған орын атаулары ғалымдарға бұл қаланы Ұлық Ұлыс дәуірімен

мерзімдеуге мүмкіндік берді. Демек, аталған ескерткіштер Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тек аймақтық емес, сонымен қатар жалпы мемлекеттік және өркениеттік маңызы зор болғанын айқын дәлелдейді [3, 184-191-бб.; 4, 96-б.].

Қазіргі таңда археология ғылымында ортағасырлық қалаларды мерзімдеу ісі, негізінен, жазба деректердің мәліметтерімен шектеліп келеді. Осыған байланысты біздің мақсатымыз – Созақ ескерткішінің генеологиясын айқындауда ғалымдар арасында белгілі жазба мұраларды саралай отырып, оларды археологиялық деректермен салыстыру және сол арқылы ғылыми айналымға жаңа пайымдар енгізу болып отыр. Бұл тәсіл ортағасырлық Созақтың тарихи келбетін, оның кезеңдік дамуын анықтауда маңызды қадам саналады. Әрине, қаланың қалыптасу тарихы мен даму үдерістерін тереңірек зерттеу үшін инновациялық әдіс-тәсілдерге сүйене отырып кең көлемді археологиялық жұмыстар атқару қажет. Заманауи технология-ларды пайдалану – қаланың мәдени қабаттарын жан-жақты талдауға, тарихи-мәдени дамуының үздіксіздігін айқындауға мүмкіндік берері сөзсіз. Ал біз қарастырып отырған ортағасырлық Созақ қаласы іргетасының қалану тарихын айқындау, сондай-ақ оның даму динамикасын бағамдау – ең әуелі қолға алынуы тиіс ғылыми міндеттердің бірі. Дегенмен, мұндай кешенді зерттеу жұмыстары ауқымды қазба жүргізуді қажет ететіні белгілі, ал бұл өз кезегінде едәуір қаржылық шығынды талап етеді.

**Материалдар мен әдістер.** Ортағасырлық Созақтың зерттелу кезеңдері, оның қала құрылысы мен сәулет өнерінің даму ерекшеліктері, экономикалық жағдайы мен шаруашылық салалары жөніндегі тың деректер пәнаралық әдістерді қолдану арқылы айқындалды. Бұл бағыттағы ғылыми тұжырымдар архивтік материалдар мен баспа беттерінде жарық көрген зерттеу еңбектерінің мәліметтеріне сүйене отырып жасалды.

1946 жылы ОҚАЭ жұмысына жетекшілік еткен Ә.Х. Марғұланның Тарастөбедегі зерттеулері [5], сондай-ақ 1947–1948 жылдары А.Н. Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жүргізген стратиграфиялық қазбалары жөніндегі институт мұрағатында сақталған есептер мен ғылым академиясының хабаршысында жарық көрген мақалаларындағы деректер [6, 73-б.] негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен бірге 1964–1965 жылдары ЖАЭ құрамында Л.Б. Ерзакович Өрқақпа қалашығында жүргізген стратиграфиялық қазбалар нәтижелері, сондай-ақ 2009, 2012 жылдары автордың ортағасырлық Созақ қаласында атқарған археологиялық зерттеу жұмыстары мен олардың қорытындылары да осы мақаланың негізгі мазмұндық өзегін құрайды [7].

Жазба деректерді саралау барысында армян патшасы Гетумның моңғолдарға жасаған сапарына арналған Гандакецидің «История Армении» еңбегі кеңінен қарастырылды. Онда келтірілген Созаққа қатысты мәліметтер зерттеу барысында мұрағаттық деректермен сабақтас-тықты көрсетеді [9, 222-б.]. Сонымен қатар, аталған шығармада Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынастарға қатысты мол деректер беріліп, мәселені тереңірек түсінуге негіз болды.

Созақ қаласына қатысты деректерді жүйелеу барысында бірқатар тарихи шығармаларға сүйену маңызды болып табылады. Атап айтқанда, «Таварих-и гузида – Нусрат-наме», Камал ад-Дин Бинайдың «Шайбани-наме», Хаджам-кули-бек Балхидің «Тарих-и Кипчак-хани» және Хафиз Таныштың «Шараф-нама-йи шахи» еңбектеріндегі мәліметтер қарастырылды. Бұған қоса, Филипп Назаровтың жолжазбаларында кездесетін Созаққа қатысты деректер де негізгі бағдар ретінде пайдаланылды.



Сурет 1. Созақтың гугл бағдарламасынан алынған суреті. 1 – Тарсатөбе; 2 – Өрқақпа  
 Рис. 1. Изображение Созака из программы гугл. 1-Тарсатөбе; 2-Орқақпа  
 Fig. 1. Image of a Cossack from the Google program. 1-Tarsatöbe; 2-Orқақпа

Созақ ауылының төңірегінде орналасқан Тарсатөбе мен Өрқақпа ескерткіштерінде жүргізілген археологиялық зерттеулердің соңғы жылдарда нәтижелері олардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл екі нысанның деректері ортағасырлық Созақ қаласының орны болуы ықтимал деген ғылыми жорамал жасауға негіз береді. Ұсынылып отырған мақалада, әсіресе, Өрқақпа аумағында атқарылған қазба жұмыстары барысында анықталған тың нәтижелерге айрықша мән берілген (1-сурет).

**Әдістер.** 1946 жылы Ә.Х. Марғұлан көне Қаратау жотасының теріскейіндегі отырықшы елді мекендерге (Баба ата, Шолаққорған, Құмкент, Саудақент, Ақсүмбе, Күлтөбе, Ақтөбе, Тарсатөбе) қоса, ортағасырлық Созақ қаласының орнында алғаш рет зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын [5, 109-115-б.; 10, 32-б].

1947–1948 жылдары ОҚАЭ-нің жетекшісі А.Н. Бернштам басқарған экспедиция ортағасырлық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарын одан әрі жалғастырды [10, 32-б]. Осы кезеңде Тарсатөбеде стратиграфиялық үш қазба салынып, маңызды нәтижелер алынды. Төбенің төменгі қабаттарынан табылған қыш ыдыс үлгілері Қаратаудың Алтынтау шатқалындағы Ақтөбе қонысының жоғарғы қабатынан табылған материалдармен ұқсастық танытты. Осыған сүйене отырып, зерттеушілер Тарсатөбе алғашында Ақтөбе секілді қаңлы дәуіріне тән қоныс болған, кейінірек ұлғайып, дамыған деген қорытындыға келді. Мұндағы қарқынды тіршілік негізінен ерте түркі дәуірімен байланыстырылады.

Қазбадан табылған жапсырма бау өрнекті қыш ыдыстар Жетісу аймағында, әсіресе Тараз қаласының V–VII және VII–IX ғғ. қабаттарынан белгілі үлгілерге жақын келеді [11, 23-24-бб.]. Сонымен қатар, қазба барысында қыш ыдыс сынықтарының мол қоры жиналды. Барлық стратиграфиялық қабаттарда қаңлы-қаратау тобына жататын қыштардың үлгілері анықталғанымен, олардың басым бөлігі жоғарғы қабаттарда шоғырланған. Бұл қатардан соғды-таластық үлгідегі ыдыстар да көптеп кездесті. Қаңлы-қаратау үлгілері мен соғды-талас тобының соңғы кезеңіне тән ыдыстардың бір уақытта кездесуі ескерткіштің жоғарғы құрылыс қабаттарын VI–VIII ғғ. мерзімдеуге мүмкіндік берді. Осы стратиграфиялық материалдар бір жағынан қаңлы дәстүрінің тұрақтылығын, екінші жағынан сол дәуірдегі мәдени байланыстардың кең ауқымын айғақтайды [12, 97-б.].

Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде XX ғасырдың 40–50-жылдары Тарсатөбе ескерткіші негізінен I–IX ғғ. аралығына жатқызылды [12, 81-97-б.; 10, 33-б]. Алайда 1960 жылы жарық көрген «Археологическая карта Казахстана» жинағында ескерткіш б.з.д. III ғ. мен б.з. IX ғғ. аралығындағы қала орны ретінде көрсетілді. Онда ескерткіштің сипаттамасы түзу бұрышты, екі бөліктен тұратын алаң түрінде берілген: солтүстік бөлігінің биіктігі 12 м, оған жалғасқан оңтүстік алаңның биіктігі 5 м. Барлық құрылым дүниенің төрт бұрышына

бағдарланған. Жалпы өлшемі солтүстіктен оңтүстікке қарай 170 м, батыстан шығысқа қарай 65 м деп көрсетілген. Алаңды оңтүстік, шығыс және батыс жақтарынан биіктігі 0,5 м болатын дуал қалдығы қоршап тұрғаны жазылған [13, 227-б]. Кейін, 1994 жылы жарық көрген «Свод памятников истории и культуры Казахстана» жинағында қалашық өлшемі 200x300 м деп нақтыланды [14, 247–248-бб.] (2-сурет).


Ортағасырлық Созақ қаласының топографиясы мен құрылыс жүйесі аймақтағы қалалық мәдениеттің дамуын айқындайтын маңызды деректердің бірі болып табылады. Археологиялық зерттеулер мен жазба мәліметтерге сүйенсек, қаланың орналасуы стратегиялық тұрғыдан тиімді таңдалған: ол табиғи төбешіктер мен су арналарына жақын маңда, сауда жолдары тоғысқан аймақта орын тепкен. Мұндай орналасу қаланың ұзақ уақыт бойы саяси, экономикалық және мәдени орталық ретінде дамуына ықпал еткен.

Созақ қаласының негізгі құрылымдық өзегін цитадель, шахристан және рабад бөліктері құраған. Цитадель қаланың ең биік тұсында орналасып, әкімшілік билік пен әскери күштің шоғырланған ордасы болды. Мұнда билеушілердің сарайы, күзет мұнаралары мен қорғаныс дуалдары салынды. Шахристанда тұрғын үйлер, қолөнершілер шеберханалары, мешіттер мен медреселер орналасқан. Ал рабад аймағы қаланың шаруашылық және сауда нысандарын қамтып, оның экономикалық өмірінде ерекше орын алған.

Қаланың сәулет өнерінде шикі кірпіш пен күйдірілген кірпіш кеңінен қолданылды. Қазба-дан табылған қыш ыдыстардың, темір құралдардың, әшекей бұйымдардың көптігі қала халқының тұрмыстық мәдениеті мен қолөнер дәстүрлерінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Сондай-ақ суғару жүйесінің іздері табылып, Созақ тұрғындарының егіншілікпен де айналысқандығын айғақтайды.

Архитектуралық нысандардың жоспарлануынан сол дәуірдегі қалалық мәдениеттің, әсіресе Отырар, Сауран, Сығанақ тәрізді ірі орталықтармен сабақтастығын көруге болады. Бұл ұқсастық аймақтағы қалалардың ортақ урбанистік үрдістерге негізделгенін, бір-бірімен тығыз экономикалық және мәдени байланыста болғанын дәлелдейді.

1947–1948 жылдары Қаратаудың теріскей беткейінде жүргізілген археологиялық қазба және барлау жұмыстары Отырар оазисінің солтүстік өңірлерге ықпал еткен ауқымын анықтауға мүмкіндік берді. Алынған деректер бұл аймақта көшпелі өмір салтынан отырықшы егіншілік кәсібіне көшу үрдісінің қаңлы кезеңінде айқын орнығып, дами түскенін айғақтайды. Тарсатөбеде жүргізілген стратиграфиялық қазбалардың нәтижесінде ескерткіштің төменгі қабаты ерте көшпелілер дәуірімен байланысты болса, жоғарғы құрылыс қабаттары ерте ортағасыр кезеңімен сәйкес келетіні белгілі болды.



Сур. 2. Ежелгі Созақтың орны Тарсатөбе  
 Рис. 2. Место древнего Созака Тарсатөбе  
 Fig. 2. The place of the ancient Sozak Tarsatobe

**Талқылау.** Созақ кентінің аумағында орналасқан екі ірі төбе – Тарсатөбе мен Өрқақпа ескерткіштері жөнінде алғашқылардың бірі болып ғылыми тұжырым жасаған ғалым Ә.Х. Марғұлан еді. Ол бұл нысандарды Созақтың ежелгі және ортағасырлық қала орындары деп болжаған болатын [15, 65-б]. Дегенмен, ғалымның бұл пікірі сол кезеңде кеңінен

дамытылмай, аталған ескерткіштер біраз уақыт бойы археологтардың назарынан тыс қалып қойды.

Тек 1947–1948 жылдары Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (ОҚАЭ) мүшелері Тарсатөбеде стратиграфиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, ескерткіштің құрылымдық ерекшеліктері мен хронологиясын айқындай бастады. Кейінірек, 1964–1965 жылдары Қаратаудың теріскей беткейіндегі бірқатар ортағасырлық қалаларда археологиялық ізденістер жалғасын тапты. Бұл кезеңде зерттеушілер нысандардың стратиграфиясын, табылған артефактілердің сипатын жүйелеп, олардың материалдық мәдениеттегі орнын анықтауға бағытталған жұмыстарды атқарды.

Аталған экспедиция құрамында қызмет еткен белгілі ғалым, археолог Л.Б. Ерзакович ортағасырлық Созақ қаласының кейінгі орны ретінде қарастырылып жүрген Өрқақпа ескерткішіне де стратиграфиялық барлау қазбасын жүргізді. Зерттеу барысында алынған археологиялық материалдарды салыстырмалы түрде талдау арқылы ол Өрқақпаның төменгі қабатын Х–ХІІ ғасырлармен, ортаңғы қабатын ХІІІ–ХІV ғасырлармен, ал жоғарғы қабатын ХV–ХVІ ғасырлармен мерзімдеуге болатынын анықтады [16, 67-б.]. Бұл тұжырым ортағасырлық Созақтың даму кезеңдерін дәлірек айқындауға негіз болып, оның тарихи-мәдени эволюциясын зерделеуде маңызды рөл атқарды.

Кейінгі жылдары аталған деректерді нақтылай түсу мақсатында Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын жүйелеу жұмыстары қолға алынды. 1994 жылы жарық көрген «Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері» атты жинақтың археокартасында, оңтүстік облыстарға арналған бірінші томында Өрқақпа «Созақ қалашығы» атауымен көрсетіліп, мерзімі Х–ХVІІІ ғасырлар аралығына жатқызылды. Ал Тарсатөбе болса «Ақтөбе» деген атаумен беріліп, б.з.д. ІІІ ғасырдан бастап б.з. Х ғасырына дейінгі аралықты қамтитын ескерткіш ретінде сипатталған [14, 247-б.].

Осылайша, алғашқы болжамдардан бастап кейінгі археологиялық зерттеулерге дейінгі деректер жүйесі Тарсатөбе мен Өрқақпаның ортағасырлық Созақ тарихындағы айрықша орны барын дәлелдеп отыр. Бұл ескерткіштердің стратиграфиялық қабаттары тек қаланың даму динамикасын ашып қана қоймай, сондай-ақ Қазақстандағы ортағасырлық урбанизация процесінің өзіндік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Соңғы онжылдықтарда кейінгі ортағасырлық Созақ қаласының орны саналатын Өрқақпада «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында археологиялық зерттеулер жүйелі түрде жүргізіле бастады. 2009–2010 және 2012 жылдары Д.А. Талеевтің жетекшілігімен атқарылған қазба жұмыстары қаланың әлеуметтік-экономикалық тынысы мен тарихи дамуы жөнінде тың мәліметтер берді. Зерттеу барысында ескерткіштің орталық бөлігі жоспарлы түрде сызылып, қазіргі кезде сақталып отырған қалашықтың аумағы шамамен 10 гектар жерді алып жатқаны анықталды. Сонымен қатар нысанның географиялық координаттары да дәл өлшеніп, оның № 44° 09' 310"; Е 68° 28' 112" нүктесінде орналасқаны және теңіз деңгейінен 325 метр биіктікте жатқаны белгілі болды. Бұл мәліметтер ескерткіштің нақты картографиялық орны мен топографиялық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді [8].

Археологиялық қазбалар Өрқақпаның ішкі құрылымына қатысты маңызды деректерді де көрсетті. Қалашықтың орталығы орналасқан батыс бөлігі өзге аймақтарға қарағанда біршама биік болып келген. Бұл ерекшелік қаланың қорғаныс-стратегиялық мақсатта жоспарланғанын меңзейді. Сонымен қатар шығыс және солтүстік-шығыс бөліктері басқа аймақтарға қарағанда анағұрлым еңселі болып көрінеді. Мұндай жоспарлы ерекшеліктер ортағасырлық қалалардың қала құрылысы мәдениетінде кеңінен қолданылған дәстүрлермен сабақтас.


Алынған деректерге сүйене отырып, Өрқақпа ескерткішінде тіршілік ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін жалғасқанын анықтауға болады. Бұл өз кезегінде Созақ қаласының тарихи ғұмырының ұзақ мерзімділігін, оның аймақтық деңгейде мәдени әрі экономикалық орталық болғанын көрсетеді.

2009–2012 жылдары жүргізілген зерттеу нәтижелерін бұрынғы археологиялық ізденістердің мәліметтерімен салыстыра отырып жасалған талдау, қаланың орны бір емес, екі

жерде сақталғаны жөніндегі бұрынғы ғылыми болжамның дұрыстығын нақты дәлелдеді. Осылайша Тарсатөбе мен Өрқақпа ескерткіштері тарихи сабақтастығы бар ортағасырлық Созақтың әр кезеңін бейнелейтін қос құрамдас бөлігі екендігі айқындала түсті (3-сурет).

Ортағасырлық Созақ қаласы жайлы алғашқы мәліметтердің бірі XIII ғасырдың ортасына сәйкес келеді. 1253 жылы армян патшасы Гетумның Моңғолстанға жасаған сапарына байланысты жазылған тарихи жазбада қала «Хузак» деген атаумен аталады [9, 222-б.]. Бұл дерек Созақтың ортағасырлық геосаяси және сауда кеңістігіндегі орнын анықтауға мүмкіндік беретін ең көне жазбаша мәліметтердің қатарына жатады. Кейінгі зерттеушілердің пікірінше, аталған дерек тек тарихи жағынан ғана емес, сонымен бірге қаланың мәдени-экономикалық маңызын айқындауда да құнды. Мәселен, академик К.М. Байпаков археологиялық және жазба деректерді салыстыра отырып, XII–XIII ғасырлардағы Созақ қаласының дәл осы ортағасырлық деректерде аталған Сузах қаласы екендігіне күмән келтірмейтінін атап өтеді [17, 103-б.].

Қаратаудың теріскей беткейінде орналасқан Созақ қаласының тарихы XI–XIII ғасырларда айрықша өркендеген. Бұл кезеңде қала аймақтық деңгейде ірі сауда орталығына айналып, көршілес аймақтармен байланысы күшейді. Қаланың дамуы тек қана ішкі шаруашылықпен емес, сонымен бірге әртүрлі этникалық-әлеуметтік топтардың өзара ықпалдастығымен де байланысты өрбіді. Қаланың айналасын мекендеген көшпелі және жартылай көшпелі малшылар, сондай-ақ егінші қауымдар мен қолөнершілер Созақ базары арқылы тығыз қарым-қатынас орнатқан. Жергілікті аңыз-әңгімелерде Сарыарқа мен Бетпақдала даласын қоныс-танған малшылардың Созаққа келіп, өздерінің малдарын сатып, оның орнына азық-түлік, тұрмысқа қажетті бұйымдар мен киім-кешек алып отырғандығы жиі айтылады. Бұл жағдай Созақтың аймақтық айырбас орталығы ретіндегі маңызын көрсетеді.



Сурет 3. Ортағасырлық Созақтың орны Өрқақпаның гугл бағдарламасынан алынған суретімен жобасы.

Рис. 3. План и фото развалины средневекового Созака Оркака  
Fig. 3. Plan and photo of the ruins of the medieval Sozak Orkaka

Қаладағы сауда мен қолөнер ісіне тек малшылар ғана емес, Қаратаудың күнгей беткейіндегі егінші-диқандар да белсенді қатысқан. Олар өз өнімдерін мал өнімдеріне, киім-кешек пен металл бұйымдарға айырбастап отырған. Қолөнершілер мен зергерлер жасаған тұрмыстық заттар мен әшекей бұйымдары Созақ базарында үлкен сұранысқа ие болған. Мұндай қарым-қатынас ұзақ уақытқа созылып, қаланың мәдени және экономикалық өркендеуіне ықпал етті.

Дегенмен, XIII ғасырға дейінгі кезеңде Созақ қаласының нақты тарихы жөнінде жазба деректер сақталмаған. Сол себепті, қаланың ерте кезеңдегі даму барысын археологиялық материалдар мен жанама деректер арқылы ғана пайымдауға болады. Тіпті, моңғол шапқыншылығы кезінде бұл аймақтың қалай жауланғаны жайлы да нақты дерек

кездеспейді. Қала жөніндегі ең көне мәлімет армян патшасы Гетумның Моңғолстанға жасаған сапары кезінде тарихшы К. Гандзакцидің еңбегінде ғана келтірілген [9, 222-б.]. Сондықтан да аталған дерек Созақтың ерте ортағасырлық тарихының негізгі бастауларының бірі болып табылады.

Ортағасырлық Созақ қаласы саяси, әлеуметтік және экономикалық тұрғыда аймақтағы ең ірі орталықтардың бірі болған. Қаланың өркендеу кезеңі Қазақ хандығының құрылып, қалыптасу және даму дәуірімен тікелей сәйкес келеді. Бұл кезеңде Созақ тек қана сауда мен қолөнердің, шаруашылық пен мәдениеттің тоғысқан жері емес, сонымен қатар Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саяси тарихында ерекше орын алған стратегиялық орталыққа айналды. Белгілі ғалым, археолог К.А. Ақышев осыған байланысты: «Созақ – XV–XVI ғасырларда Қазақ хандығы иелігінің кіндігі болған» деп көрсетеді [18, 136-137-б.]. Бұл тұжырым қаланың мемлекеттік құрылымдағы маңызын айқын көрсетеді.

Созақтың осындай рөл атқаруына оның географиялық орналасуы айрықша ықпал етті. Қала Сырдария бойындағы ірі орталықтармен және Қаратаудың күнгей беткейіндегі елді мекендермен байланыстыратын маңызды торапта орналасты. Ақсүмбе, Суындық сияқты асулар Созақты Сыр бойының қалаларымен жалғастырып, оның транзиттік маңызын күшейтті. Бұл жолдар арқылы қалаға тек аймақтық емес, сонымен бірге алыс өңірлерден келген саудагерлер мен керуендер де тоқтап өтетін болған. Мұндай жағдай қаладағы сауда көлемінің ұлғаюына, қолөнер кәсібінің дамуына және әлеуметтік топтардың шоғырлануына ықпал етті.

XV–XVI ғасырларда Қазақ хандығы мен Өзбек хандықтарының арасында Түркістан аймағындағы ірі қалалар үшін болған қақтығыстарда Созақ қаласының аты ерекше жиі аталады. Бұл деректер ортағасырлық жазба ескерткіштерде молынан кездеседі. Солардың ішінде авторлары беймәлім «Таварих-и гузида – Нусрат-наме», Камал ад-Дин Бинайдың «Шайбани-наме», Хаджам-кули-бек Балхидің «Тарих-и Кипчак-хани», сондай-ақ Хафиз Таныштың «Шараф-нама-йи шахи» атты еңбектерін атауға болады [19, 21 б., 105-106 б., 20, 249-335 б.; 369-380 б.]. Бұл жазбаларда Созақ қаласы Түркістан аймағындағы ірі әскери-стратегиялық орталықтардың бірі ретінде көрініс табады. Әсіресе, Баба-сұлтан мен Абдаллах ханның арасындағы қақтығыстарда қаланың маңыздылығы айрықша байқалғаны деректерде нақты атап өтіледі. Мұндай оқиғалар Созақтың аймақтық саясаттағы және әскери іс-қимылдардағы жетекші орнын көрсетеді [19, 287-б.].

Созақ қаласында тіршіліктің үздіксіз жалғасқанына қатысты деректерді орыс жазба ескерткіштері де қуаттайды. Олар қаланың тек ортағасырлық кезеңде ғана емес, кейінгі дәуірлерде де өзінің аймақтық орталық ретіндегі мәртебесін сақтап қалғанын айғақтайды. Орыс мұрағаттық деректерінде Отырар, Сауран, Түркістан, Созақ және Өгізтау секілді қалалар Қазақ хандығының басты орталықтарының қатарында болғандығы атап көрсетіледі. Бұл мәліметтер Созақтың мемлекеттік құрылымдағы саяси және экономикалық маңызын растайтын құнды дерек көзі болып табылады [21, 386-б.].

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Оңтүстік Қазақстан өңірінің көп бөлігі Қоқан хандығының билігіне өткен кезеңде де Созақ қаласы өзінің тарихи рөлін жоғалтқан жоқ. Қайта керісінше, ол әскери бекініс-қала ретінде аймақтағы стратегиялық тірек пунктіне айналды. Бұл кезеңде қаланың саяси-әскери және әлеуметтік-экономикалық жағдайы жөнінде бірқатар жазба деректер сақталған. Мәселен, 1811 жылы Қоқан хандығына барып қайтқан Ресейдің тілмашы Мамедияровтың жол жазбаларында Созақтың маңыздылығы атап өтіледі. Сол сияқты, 1813 жылы Омбыдан шығып, Петропавл, Созақ, Шымкент арқылы Қоқанға сапар шеккен орыс елшілігі тілмашы Филипп Назаров та өзінің жазбаларында қала туралы маңызды мәліметтер қалдырған [22, 31-б.]. Бұл деректер Созақтың XIX ғасырдың бас кезінде де аймақтық саяси және экономикалық орталық болғанын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, XV ғасырдан XIX ғасырға дейінгі аралықтағы жазба деректер Созақ қаласының тұрақты түрде аймақтық маңызы бар қала ретінде сақталып келгенін көрсетеді. Оның саяси оқиғаларда шешуші рөл атқаруы, әскери бекініс қызметін атқаруы және сауда-

шаруашылық орталық ретінде дамуы – қаланың тарихи тағдырындағы басты ерекшеліктердің бірі болды.

**Зерттеу нәтижесі.** Созақ өңірі мен оның орталығы саналатын көне Созақ қаласы Қазақ хандығы алғаш қалыптасқан кезеңде жас мемлекеттің саяси әрі стратегиялық тұрғыдан ерекше маңызға ие орталықтарының бірі болғаны туралы деректерде кездеседі. Дегенмен, мұндай мәліметтер тым көп емес, әрі олардың басым бөлігі қысқа сипатта ғана берілген. Сондықтан Созақтың Қазақ хандығы тарихындағы рөлін жан-жақты ашып көрсету үшін деректік мәліметтер мен археологиялық зерттеулерді өзара сабақтастыру қажеттігі туындайды. Бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі күнге дейін аталған аймақта мақсатты түрде жүргізілген қазба жұмыстарының аздығы мәселенің шешімін күрделендіріп отыр. Әсіресе, XV–XVIII ғасырларға тән құрылыс қабаттарының әлі күнге дейін толыққанды аршылмауы қала өмірін кезең-кезеңімен қалпына келтіруге кедергі болып отыр.

Осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 2009–2010 және 2012 жылдары Созақ маңындағы Өрқақпа төбесінде арнайы археологиялық қазбалар ұйымдастырылды. Бұл зерттеулерді Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының «Қазақ хандығы» тобы (жетекшісі Д.А. Талеев) басқарды. Қазба жұмыстарының негізгі мақсаты – Қазақ хандығы дәуіріндегі қаланың ішкі құрылымын, тұрғындарының шаруашылық-тұрмыстық жағдайын, мәдениеті мен діни дүниетанымын анықтау еді. Мұндай жұмыстар Созақтың Қазақ хандығы кезеңіндегі тарихи орнын айқындауға жаңа ғылыми негіз қалыптастыруға бағытталды.

Жергілікті халықтың тарихи жадында сақталған аңыз-әңгімелер де ғылыми тұрғыдан қызығушылық тудырады. Жергілікті ақсақалдардың айтуынша, Өрқақпаның үстіндегі ескі көшенің бойында, үйлердің қабырғасына жапсыра салынған екі кесененің орны болған. Сол кесенелердің төбесіне орнатылған көгілдір түсті құбалар күн сәулесімен шағылысып, алыстан көзге жарқырап көрінген. Ел арасында бұл жер «Хан мазары» деп аталып кеткен. Неліктен дәл осы атаудың орныққаны нақты айқындалмаса да, халық жадында мұның астарында белгілі бір тарихи шындық жатқанына сенім мол.

Ауызша дәстүрге сүйенсек, кейбір пікір иелері Созақтағы «Хан мазарында» Қазақ хандарының бірқатары жерленген деген болжам айтады. Олардың қатарында Әбілқайыр хан, Керей мен Жәнібек, сондай-ақ Ақназар хан аталады. Бұл пікірді қуаттайтын жазба дерек те бар. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында Созақтағы «Хан мазарында» Әбілқайыр хан мен Жәнібек сұлтанның жатқандығы туралы мәлімет келтіріледі [23]. Сонымен қатар, Хожам-құлы-бек Балхидің «Қыпшақ хан тарихы» еңбегінде Әбілқайыр ханның Созаққа жерленгені айтылады [20, 376-б.]. Бұл деректер, халық аузындағы әңгімелермен астасып, Созақтың Қазақ хандары тарихындағы айрықша маңызын айқындай түседі. Әрине, мұндай мәліметтер ғылыми тұрғыдан терең зерттелмейінше түпкілікті тұжырым жасау қиын. Дегенмен, ауызша дәстүр мен жазба деректердің өзара үндесуі Созақтағы археологиялық ізденістердің бағыт-бағдарын айқындауға септігін тигізеді. Бүгінгі таңда Созақ қаласының қираған орындарын кешенді зерттеу – қазақ тарихының әлі толық ашылмаған тұстарын анықтауға мүмкіндік беретіні анық.

Қорыта айтқанда, Созақ қаласы мен оның төңірегіндегі археологиялық нысандарды жүйелі түрде зерттеу, оларды жазба деректермен салыстыра талдау – Қазақ хандығы дәуіріндегі саяси-әлеуметтік тарихымыздың беймәлім беттерін ғылыми айналымға енгізуге жол ашады. Бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де жалғасын табуы қажет.

2009 жылы «Қазақ хандығы қалалары» атты ғылыми бағдарлама аясында ежелгі Созақ қаласының қираған орнында алғашқы кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары бастау алды. Бұл бастаманың негізгі себебі Қазақ хандығы дәуірінде маңызды рөл атқарған, бірақ тарихи тұрғыдан аз зерттелген Созақ қаласының тағдырын жаңаша ғылыми тұрғыда зерделеу болатын. Жаңа қалыптасқан Қазақ хандығы үшін тірек қала қызметін атқарған Созақтың саяси-әкімшілік, сауда-экономикалық және мәдени орталық ретіндегі маңызы археология ғылымының деректері арқылы айқындалуға тиіс болды. Осы тұрғыдан алғанда, археологиялық ізденістердің мақсаты – қаланың топографиясын анықтау, оның жоспарлану құрылымын, жалпы көлемін, қорғаныс жүйелерін зерттеу, сондай-ақ әртүрлі кезеңдерге тән

құрылыс қабаттарын мерзімдеу арқылы тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығын жан-жақты сипаттау еді.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес қазба жұмыстары қаланың оңтүстік-шығыс бөлігін қамтыды. Қазба шұңқырының көлемі 11 x 20 метрді, ал тереңдігі орта есеппен 0,5–1 метрді құрады. Осы аумақтағы жұмыстар барысында бір тұрғын үй кешенінің орны толық ашылды. Құрылыс жоспары бойынша үй екі үлкен бөлмеден және оларға қосымша жалғасқан шаруашылық орындарынан тұрған. Қазбаның шығыс шетінде орналасқан тұрғын үйдің көлемі шамамен 11 x 13,5 метрді құрайды. Бұл үй қатар салынған екі бөлме мен олардың алдына қосылып салынған бастырмадан тұрғаны анықталды (4-сурет).


Атап айтқанда, шығыс бөліктегі бірінші бөлменің (№1) көлемі 5,5 x 5,75 метр. Оның қабырғаларының қалыңдығы 70–75 см-ге жетеді. Қабырғалардың төменгі бөлігі екі, кейбір жерлерінде үш қатардан тұратын қам кесектен қаланған. Қыштардың өлшемдері әртүрлі болып келеді: 32 x 18 x 11 см және 30 x 18 x 10 см. Бұл құрылыс тәсілі Қоқан дәуірінен бастап, кейіннен өзбек құрылыс дәстүрінде кеңінен сақталған «шышты» әдіске тән екендігі байқалады. Сыртқы қабырғаның төменгі қатарларына мал тезегі араластырылған қам кесектер қолданылған. Жергілікті ақсақалдардың айтуынша, мұндай тәсілдің басты мақсаты қабырғаны ылғалдан қорғау, яғни үйдің берік тұғыры (фундаменті) ретінде пайдалану болған.

Үйдің ішкі құрылымына келсек, бөлменің солтүстік-батыс бұрышынан қатар тұрған екі тандырдың орны табылды. Тандырлардың сақталу деңгейі өте нашар, төменгі бөлігі ғана сақталған. Әрқайсысының көлемі шамамен 65–70 см-ді құрайды. Тандырлар орналасқан жердегі суафтың ізі бұзылған күйінде анықталды. Бұдан бөлек, бөлменің шығыс қабырғасына жақын орта тұсында дөңгелек пішінді ошақ орны байқалды. Оның түбінде шала жанған ағаш көмірінің қалдықтары сақталған. Археологтардың жорамалдауынша, бұл ошақ тұрмыстықтан гөрі ғұрыптық мақсатта, атап айтқанда, адыраспан түтіндету үшін пайдаланылған болуы ықтимал.

Бөлмеге кіретін есік қуысы батыс қабырғада орналасқан, оның ені 1 метр шамасында. Бұл есік арқылы бөлме іргелес екінші бөлмемен байланысқан. Екінші бөлменің көлемі де шамамен 5,5 x 5,5 метр. Қабырғаларының қалыңдығы алғашқы бөлмемен бірдей – 70–75 см. Сақталған биіктігі шамамен 30 см-ге жетеді. Бұл мәліметтер үйдің құрылыс тәсілдері мен өлшемдерінің белгілі бір дәстүрді сақтай отырып салынғанын айғақтайды.

Жалпы алғанда, аталған қазба жұмыстары Созақ қаласының тұрғындары тұрмысының өзіндік ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік берді. Үй ішіндегі шаруашылық пен ғұрыптық нысандардың қатар кездесуі тұрғындардың күнделікті тіршілігі мен рухани мәдениетінің бір-бірімен астасып жатқанын байқатады. Мұндай деректер Қазақ хандығы кезеңіндегі қала халқының әлеуметтік-мәдени өмірін, тұрмыс салтын, құрылыс тәжірибесін жан-жақты зерттеуге жол ашады.

Қазба барысында ашылған үйдің ішкі құрылымы мен жоспарлану жүйесі ортағасырлық қалалық мәдениетке тән белгілі бір дәстүрлерді айқын көрсетеді. Алдымен бөлменің ауыз бөлме (дәліз) қызметін атқарғаны байқалады. Мұны оның ішкі құрылыс қалдықтары мен орналасу ерекшеліктері дәлелдейді. Солтүстік-батыс қабырғасы бойына созылып салынған суфа көлемі шамамен 2,5 x 5 метрді құрайды. Оның ортасын қалыңдығы 30 см болатын қабырға бөліп тұрған. Зерттеушілердің топшылауынша, бұл суфа бастапқыда тұтас бір кеңістік болып тұрғызылған, кейіннен белгілі бір себептерге байланысты қайта өзгертілген. Соның нәтижесінде солтүстік бөлігі сақталған да, батыс бөлігі тегістелгенге ұқсайды. Бүгінде осы батыс жақ шетін қоршаған қабырғаның қалдықтары өте көмескі із түрінде ғана сақталған.



Сурет 4. Өрқақпаға 2009 ж. салынған қазбаның жобасы  
 Рис. 4. План раскопок на Оркакпе проведенный в 2009 г.  
 Fig. 4. The excavation plan at Orkake carried out in 2009

Суфаның ортасындағы қабырға бойынан ағаш тіреулердің орны анықталды. Әрбірі шамамен 1 метр қашықтықта тік қойылған бұл тіреу шұңқырлары түзу сызық бойына орналас-тырылған. Шұңқырлардың диаметрі 25 см, ал тереңдігі 30 см шамасында. Бұл жағдай бөлменің төбесін ұстап тұрған ағаш конструкциялары болғанын айғақтайды. Оңтүстік қабырғаның орта тұсынан құмыра сынығы табылды. Оның тек иығынан төменгі бөлігі ғана сақтал-ған, диаметрі 60 см-ге жуық. Құмыраның жасалу тәсілі мен сыртқы көрінісі XVI–XVII ғғ. Отырардың құрылыс қабаттарынан табылған ұқсас қыш бұйымдармен сәйкес келеді. Бұл – Созақтың сауда және мәдени байланыстарының кеңдігін көрсететін маңызды дерек.

Бөлмеден оңтүстік қабырға арқылы шығатын екінші есік анықталды. Оның ені шамамен 1 метр. Есіктің астында ағаш табалдырықтың шіріген қалдықтары табылды. Бұл да құрылысқа ағаш материалдардың кеңінен пайдаланылғанын дәлелдейді. Бөлме ортасында ташнау орны кездесті. Ол төрт бұрышты қышпен төселген (70 x 70 см), астына үлкен құмыра орнатылған. Құмыраның аузы қыш кесекпен жабылып, оның ортасына көздің жасындай ғана тесік қалдырылған. Айналасы сынған кірпіштермен бекітілген. Мұндай нысан су ағызатын немесе тұрмыстық қалдықтарды жинайтын құрылғы – ташнау ретінде қолданылған. Құмыраның сыртқы беті жасыл сырмен, ішкі беті түгелдей сары сырмен боялған. Мұндай сырлану дәстүрі Жошы ұлысы дәуірінде кең тараған қыш ыдыстарға тән. Құмыра бетінде кезінде бүлініп, қайта құрастырылғанына дәлел болатын тесіктер бар. Бұл ыдыстардың ұзақ пайдаланылғанын, қажет болса қайта жөнделіп қолданылғанын білдіреді.

Қазба барысында қатар тұрған екі бөлмеге жалғастыра салынған бастырма (навес) орны да анықталды. Оның ені 3,5 м, ұзындығы 12 м. Бұл бастырманың ішкі қабырғасы бойында тік қойылған шыш тіреулердің орындары жақсы сақталған. Тіреу шұңқырлары бір-бірінен шамамен 1 метр аралықта орналасқан. Қабырғаның табанына төселген ұзын бөренелердің қалдықтары әбден шіріп, үгіліп кеткен. Бастырма үш бөлікке бөлінген. Солтүстік-шығыс бөлігі көлемі 3,5 x 4,5 м, басқалары бір-бірімен шамалас. Бұл бөліктерді ажыратып тұрған жіңішке қабырғаның тастан қаланған іргетасы әлі де сақталған. Мұндай бастырмалар көбіне тұрмыстық-шаруашылық мақсатта қолданылған, әрі үйдің қосымша кеңістігі рөлін атқарған.

Үйдің батыс қапталына жалғастыра салынған қосымша құрылыс бөлігінің көлемі шағындау. Оның ішкі құрылысы тұрғын үйге қарағанда шаруашылық мақсатқа бейімделгенін аңғартады. Мұнда негізгі кіреберіс есік оңтүстік қабырға бойында орналасқан. Ішке кіргенде үлкендеу бөлме (ауыз бөлме) кездеседі. Оның көлемі 3,25 x 6,25 м. Шығыс қабырғаның солтүстік бұрышында көлемі 1 x 1,5 м болатын, сырт жағы қам кесекпен қаланған шағын суфа табылды. Суфаның ортасында дөңгелек пішінді, қам кесекпен

қапталған шұңқыр бар. Ол күл мен топыраққа толып қалған. Шұңқырға қарама-қарсы қабырға бойында төрт бұрышты, шағын қамба тәріздес орын ашылды. Оның төменгі бөлігі ғана сақталған. Ішінде ұсақ мал сүйектері табылған. Бұл нысан азық-түлік сақтау қоймасы ретінде пайдаланылғанға ұқсайды.

Ғимараттың батыс бөлігінде қатар орналасқан жіңішке үш бөлме орны да байқалды. Солтүстік шеткі бөлме ортасынан екіге бөлінген. Едендері сары түсті балшықпен сыланған. Бұл бөлмелердің негізгі қызметі – астық пен азық-түлік сақтауға арналған қамбалар болуы мүмкін. Келесі екі бөлмеде ішкі құрылыс іздері аз сақталған.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, үйдің оңтүстік және батыс қабырғалары көлденең көшемен шектескен. Бұл – қаланың жоспарлану жүйесінде үйлердің көшелер бойына рет-ретімен орналасқанын дәлелдейді. Қазба барысында табылған археологиялық материалдар әр алуан және мерзімдік тұрғыдан аралас болып шықты. Қыш ыдыстардың мерзімдік шеңбері XIV–XVIII ғғ. қамтиды. Сонымен бірге шыны ыдыстардың сынықтары, темірден жасалған құлып, қазан, пышақ, ат әбзелдеріне тиесілі бөлшектер, нәлдер табылды. Бұл заттар негізінен XVII–XIX ғғ. жататынын көрсетеді.

Осылайша, қазылған тұрғын үй кешені ортағасырлық Созақ қаласының тұрмыстық мәдениеті мен шаруашылық құрылымын кеңінен сипаттайды. Мұндағы табылған деректер Қазақ хандығы дәуіріндегі қала халқының әлеуметтік өмірін, құрылыс дәстүрін және шаруашылық-экономикалық қарым-қатынасын нақтылай түседі.

2009 жылы Созақ қалашығында жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында XIX–XX ғасырларға тән құрылыс қабаттары айқындалды. Әсіресе Өрқақа маңындағы жоғарғы стратиграфиялық деңгейлерден ашылған үй-жайлардың орындары бұл кезеңдегі қала өмірінің бейнесін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берді. Қазба барысында табылған деректер қоқан дәуірінен бастап Ресей патшалығы билігі кезеңіне және XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейінгі аралықтағы тұрғындардың шаруашылық-тұрмыстық мәдениетінен мол мағлұмат берді.

Жекелей алғанда, қазба кезінде ашылған үйлердің жоспарлары мен салыну тәсілдері қоқандық құрылыс дәстүрлерінің айқын басымдыққа ие болғанын көрсетті. Қабырғалардың қалану техникасы, пайдаланылған құрылыс материалдары мен тұрғын үйдің ішкі құрылымдық бөлінісі дәстүрлі қоқандық сәулет үлгілерін қайталайды. Дегенмен, осы үйлерден табылған заттай айғақтар қала тұрғындарының тек қоқандық мәдени ықпалмен ғана шектелмей, Ресей патшалығы дәуірінде қалыптасқан сауда-экономикалық байланыстарға да белсене араласқанын дәлелдейді. Бұл жағдайды Кузнецов фабрикасында өндірілген фарфор пиялалар мен кеселердің сынықтары, әйнек түтікшелі шамдардың бөлшектері, сондай-ақ мыс пен күмістен соғылған бақырлардың табылуы нақтылай түседі. Мұндай бұйымдар қалада тек тұрмыстық қажеттілікті өтеумен қатар, аймақтың сыртқы сауда жүйесіне тартылғандығын да көрсетеді.

Қазба жұмыстары барысында кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында айналымда болған тиындардың табылуы мақаладағы айрықша назар аудартатын жайт. Бұл олжалар Созақ қаласының тарихы XX ғасырдың басында да жалғасқанын, кеңестік жүйенің орныға бастаған тұсында жергілікті тұрғындардың күнделікті өмірінде жаңа экономикалық қатынастардың ене бастағанын дәлелдейді.

Қазба жүргізілген жерге қатысты ауыл ақсақалдарының мәліметтері де ғылыми тұрғыда құнды. Олардың айтуынша, дәл осы маңда XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін Жақсылық есімді ауқатты адамның қонысы болған. Бұл дерек жазба және археологиялық материалдарды өзара толықтыра түсіп, тарихи реконструкцияға қосымша дәйек береді [7, 10-12-бб.; 8, 12-13-бб.].



1872-1875 жылғы 5 тиын.



1879 ж. 1 тиын



1905 ж. 2 тиын



1902 ж. 15 тиын. күміс



Жылы көрінбейді, шамамен 1921 ж. 10 тиын



Сур. 5. 2009 ж. қазбадан табылған мыс және күміс тиындар  
 Рис. 5. Монеты из меди и серебра, найденные при раскопках в 2009 году.  
 Fig. 5. Copper and silver coins found during excavations in 2009.

**Қорытынды.** Археологиялық зерттеулердің нәтижесінде Елері төбенің мерзімделуі б.з.д. III ғасырдан бастап б.з. IX ғасырына дейінгі кезеңді қамтитыны анықталды. Ал Өрқақпа ескерткіші негізінен X–XVIII ғасырлар аралығына сәйкес келеді. Осы деректердің салыстырмалы талдауы көрсеткендей, аталған ескерткіштердің уақыт жағынан бір-бірін толықтырып, сабақтастырып жатуы олардың шын мәнінде біртұтас тарихи қала – яғни ортағасырлық Созақтың әртүрлі дәуірлердегі орны екендігін айғақтайды. Бұл жайт кезінде академик Ә.Х. Марғұланның айтқан пікірінің дұрыстығын қуаттайды. Дегенмен, мұндай пайымдауларды түбегейлі ғылыми тұжырымға айналдыру үшін қосымша кешенді зерттеулер жүргізу қажеттілігі анық сезіледі.

Сонымен қатар, археологиялық олжалар мен ел ішінде тараған ауызша әңгімелер арасында белгілі бір үйлесімнің бар екені байқалады. Мәселен, жергілікті өлкетанушы Сәді Насруллаұлының дерегіне сүйенсек, Ислам діні бұл аймаққа тарай қоймаған кезеңдерде шамандық дәстүрдегі отқа табынушы қауым – «тарсалар» қазіргі Тарсатөбеде өмір сүрген деген болжам бар. «Тарса» сөзі парсы тілінен аударғанда «отқа табынушы» мағынасын береді. Зерттеушінің айтуынша, Созақ ескерткішінің шеті мен Қаратаудың жоталарына дейінгі аралықта кездесетін таспен өрілген қабірлер осы «тарсалар» мен «мықтар» қауымының жерлеу орындары болуы мүмкін [25, 11-б]. Бұл тұжырым, әрине, қосымша археологиялық және антропологиялық зерттеулерді талап етеді.

Алайда, жазба деректерде Созақтың ерте ортағасырлық тарихына қатысты айқын мәліметтердің кездеспеуі – әлі де болса бұл кезеңнің құпия сырға толы екенін аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, археологиялық ізденістердің рөлі ерекше. Қаланың кейінгі дәуірлердегі орнында қазба жұмыстарын жалғастыру оның гүлденген кезеңіндегі тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік және мәдени даму деңгейін анықтауға тың мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, отырықшы мәдениет пен көшпелі қоғам арасындағы өзара ықпалдастықты дәйектейтін материалдық деректер табылып, оларды жазба естеліктермен салыстыру арқылы тарихи реконструкция жасауға болады деген сенімдеміз.

Жалпы алғанда, ортағасырлық Созақ XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін қала ретінде өзінің өмір сүруін тоқтатпағаны белгілі. Ол ірі сауда, мәдени-әкімшілік және діни орталықтың қызметін қатар атқарды. Тарихи деректерде атап өтілгендей, Созақ көтерілісі тұсында мұнда 10 медіресе, 12 мешіт, 20-дан астам сауда дүкендері, бірнеше керуен-сарайлар мен қолөнер шеберханалары, ұстаханалар жұмыс істегендігі баяндалады [25, 44-б.]. Бұл мәліметтер қаланың тек өңірлік деңгейдегі ғана емес, бүкіл қазақ даласындағы маңызды орталықтардың бірі болғанын дәлелдейді.

Созақтың тағдыры XX ғасырдың 30-жылдарында түбегейлі өзгерді. Кеңестік билік көтерілісті күшпен басқаннан кейін аудан орталығы мәртебесін Созақтан Шолаққорғанға көшіреді. Соның нәтижесінде Созақ қаласының халқы бытырап, ауылдарға және тау бөктеріндегі елді мекендерге тарап кеткен. Өрқақпа үстінде тек санаулы дәулетті кісілердің үйлері ғана сақталып қалғаны жөнінде деректер кездеседі.

Археологиялық есептерді, ғылыми мақалаларды саралау, сондай-ақ жазба мұраларды мұқият қадағалау нәтижесі Созақ ескерткішінің тарихы 2000 жылдан астам уақытты қамтитын терең тамырлы мәдени мұра екенін дәлелдейді. Бұл жердің ежелден бері үздіксіз тіршіліктің ордасы болғаны даусыз. Бұрынғы еңбектердің бірінде Созақтағы хан мазары туралы мәлімет те келтірілген болатын [25, 55-б.]. Әрине, мұндай деректердің толық ғылыми айналымға түсуі үшін қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

Қорытындылай келе, Созақ қаласының тарихын барша жұртқа мақтанышпен паш ету үшін әлі де тың деректер жинақтап, кең көлемдегі мақсатты археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет екендігі айқын. Бұл – болашақта жас буын ғалымдардың алдында тұрған ұлы міндеттердің бірі деп ойлаймыз.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Талеев Д.А. Сырдарияның сол жағалауындағы қалалардың археологиялық шежіресі: Сүткент және Арқук // Қазақстан археологиясы. – 2022. – №1(15). – Б. 57-69.
2. Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. О долине реки Талас и смежных районах // Труды ИИАЭ АН КазССР. Наука. – 1960. Том. 8. – С. 72-83.
3. Елеуов М.Е., Петров П.Н., Талеев Д.А., Молдахмет А.А. Нумизматические находки на городище Кышкала (Республика Казахстан). // *Stratum plus. Археология и культурная антропология.* – 2023. – №6. – С. 183-192.
4. Извлечение из письменных источников о средневековых городах Сауран и Сыганак / автор предисловия и составитель М. Елеуов. – Туркестан: Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи, 2005. – 96 с.
5. Марғұлан А.Х. Оседлые поселения VIII-XIII вв. На северных склонах Каратау (извлечения из археологического отчета) // Известия АН КазССР. Серия археологическая. – 1948. – Выпуск 1. – С.109-115.
6. Бернишам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // ИАН. Серия археологическая. – Алма-Ата, 1949. – № 67. – Выпуск 2. – С. 3-88.
7. Талеев Д.А. Созақ қаласында 2009 ж. жүргізілген қазба жұмыстарының есебі / Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Қ. 11. Т. 51. № 2943
8. Талеев Д.А. Созақ қаласында 2012 ж. жүргізілген қазба жұмыстарының есебі / Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Қ. 11. Т. 52. Іс. 3041.
9. Гандакеци К. История Армении. – М.: Наука, 1976. – 356 с.
10. Талеев Д.А. Қаратаудың теріскей бетіндегі ортағасырлық қалалардың археологиялық зерттелу мәселесі // Қазақстан археологиясы. – 2021. – №2(12). – Б. 29-41.
11. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ АН КазССР. – 1958. – Т. 5. – 295 с.
12. Бернишам А.Н. Древний Отрар // Известия АН КазССР. Серия археологическая. – 1951. – №3. – С. 81-97.
13. Археологическая карта Казахстана / отв. ред. Г.А. Кушаев. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. – 450 с.

14. Свод памятников истории и культуры Казахстана: Южно-Казахстанская область ; редкол.: М.Х. Асылбеков. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1994. – 367 с.
15. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата, 1950. – 122 с.
16. Ерзакович Л.Б. Древние города Казахстана. – Алма-Ата, Наука, 1971. – 211 с.
17. Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана. Книга III: Урбанизация Казахского ханства во второй половине XV-XVIII в. – Алматы, 2014. – 534 с.
18. Акишев К.А. Древние и средневековые государства на территории Казахстана (Этюды исследования). – Алматы, 2013. – 192 с.
19. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков: (извлечения из персидских и тюркских сочинений) / сост. С.К. Ибрагимов. – Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1969. – 648 с.
20. История Казахстана в персидских источниках. Извлечения из сочинений XIII-XIX веков. – Алматы: Дайк Пресс, 2007. – Т. V. – 477 с.
21. История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. / научный ред. И.В. Ерофеева. – Алматы: Дайк-пресс, 2006. – 959 с.
22. Назаров Ф. Записки о некоторых народах, и землях средней части Азии. – М.1968. – 79 с.
23. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 724 с.
24. Тәбірізұлы С. Созақ өңірі. – Алматы, 2007. – 432 б.
25. Талеев Д.А. Қаратаудың теріскей бетіндегі кейінгі ортағасырлық қалалар: Созақ, Қарақұрым және Илан-Қарауыл // Марғұлан оқулары – 2022: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2022. – Б. 48-57.

#### References

1. Taleev D.A. Sırdariyanın sol jagalawındaǵı qalalardıń arxeologiyalıq seiresi: Sutkent jane Arkwk [Archaeological chronicle of the cities on the left bank of the Syrdarya: Sutkent and Arkuk] // Qazaqstan arxeologiyası. 2022. №1(15). S. 57-69. [in Kazakh]
2. Volin S. Svedeniya arabskikh istochnikov IX-XVI vv. O doline reki Talas i smezhennykh rayonakh [Information from Arabic sources of the 9th-16th centuries. About the valley of the Talas River and adjacent areas] // Tru. IIAE AN KazSSR. Nauka, 1960. Tom. 8. S. 72-83. [in Russian]
3. Eleuov M.E., Petrov P.N., Taleev D.A., Moldahmet. A.A. Numizmaticheskie nahodki na gorodise Kyskala (Respublika Kazahstan). [Numismatic finds at the Kyshkala settlement (Republic of Kazakhstan)] // Stratum plus. Arheologia i kulturna antropologia. 2023. №6. S. 183-192. [in Russian]
4. Izvlecheniye iz pis'mennykh istochnikov o srednevekovykh gorodakh Sauran i Syganak [Extract from written sources about the medieval cities of Sauran and Syganak] / avtor predisloviya i sostavitel M. Yeleuov. Turkestan, 2005. 96 s. [in Russian]
5. Margulan A.KH. Osedlyye poseleniya VIII-XIII vv. Na severnykh sklonakh Karatau (izvlecheniya iz arkeologicheskogo otcheta) [Settlements of the VIII-XIII centuries. On the northern slopes of Karatau (extracts from the archaeological report)] // Izvestiya AN KazSSSR. Seriya arkeologicheskaya. 1948. S. 109-115. [in Russian]
6. Bernshtam A.N. Problemy drevney istorii i etnogeneza Yuzhnogo Kazakhstana [Problems of ancient history and ethnogenesis of Southern Kazakhstan] // IAN. Seriya arkeologicheskaya. Alma-Ata, 1949. №67. S. 3-88. [in Russian]
7. Taleev D.A. Sozak, kalasynda 2009 zh. zırgızılgen kazba zımystarynyń esebi [In the castle of Sozak 2009 ж. The number of burned kazba zhumystari] / Arhiv ins. Arheologii im. A.H. Margulana, F. 11.Op. 51. B. № 2943. [in Kazakh]
8. Taleev D.A. Sozaq qalasında 2012 j. Jurgizilge qazba jumustarınıń esebi [2012 in the city of Sozak. Report of conducted excavations] / Arhiv ins. Arheologii im. A.H. Margulana. F. 11. Op. 52. D. 3041. [in Kazakh]
9. Gandaketsi K. Istoriya Armenii [History of Armenia] M.: Nauka, 1976. 356 s. [in Russian]

10. Taleev D.A. *Qaratawdın teriskey betindegi ortanasırlıq qalalardıñ arxeologiyalıq zerttelw maselesi* [The problem of archaeological research of medieval cities on the northern slopes of Karatau] // *Qazaqstan arxeologiyası*. 2021. №2(12). B. 29-41. [in Kazakh]
11. Ageyeva Ye.I., Patsevich G.I. *Iz istorii osedlykh poselenii i gorodov Yuzhnogo Kazakhstana*. [From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan] // *Tru. IIAE AN KazSSR*, t. 5, 1958. 295 s. [in Russian]
12. Bernshtam A.N. *Drevniy Otrar* [Ancient Otrar] // *Izvestiya AN KazSSR. Seriya arkeologicheskaya*. 1951. №3. S. 81-97. [in Russian]
13. *Arkheologicheskaya karta Kazakhstana* [Archaeological map of Kazakhstan.] Alma-Ata, 1960. 449 s. [in Russian]
14. *Svod pamyatnikov istorii i kultury Kazakhstana. Yuzhno-Kazakhstanskoy oblast'*. [Collection of historical and cultural monuments of Kazakhstan. South Kazakhstan region]. – Almaty, 1994. S-248-249. № 542 [in Russian]
15. Margulan A.KH. *Iz istorii gorodov i stroytel'nogo iskustva drevnego Kazakhstana*. [From the history of cities and construction art of ancient Kazakhstan] Alma-Ata, 1950. 122 s. [in Russian]
16. Erzakovich L.B. *Drevnie goroda Kazakhstana*. [Ancient cities of Kazakhstan] Alma-Ata, Nauka.1971. 211 s. [in Russian]
17. Baypakov K.M. *Drevnyaya i srednevekovaya urbanizatsiya Kazakhstana* [Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan] *Urbanizatsiya Kazakhskogo khanstva vo vtoroy polovine XV-XVIII v.* Almaty, 2014. 534 s. [in Russian]
18. Akishev K.A. *Drevniye i srednevekovyye gosudarstva na territorii Kazakhstana (Etyudy issledovaniya)* [Ancient and medieval states on the territory of Kazakhstan (Research studies)]. Almaty, 2013. 192 s. [in Russian]
19. *Materialy po istorii Kazakhskikh khanstv XV-XVIII veka (izvlecheniya iz persidskikh i tyurkskikh sochineniy)* [Materials on the history of the Kazakh khanates of the 15th-18th centuries (extracts from Persian and Turkic works)] Alma-Ata, 1969. 652 s. [in Russian]
20. *Istoriya Kazakhstana v persidskikh istochnikakh* [History of Kazakhstan in Persian sources] – Almaty, 2007. T. V. 477 s. [in Russian]
21. *Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI-XX vv.* [History of Kazakhstan in Russian sources of the 16th-20th centuries] Almaty, 2007. T. VI. 516 s. [in Russian]
22. Nazarov F. *Zapiski o nekotorykh narodakh, i zemlyakh sredney chasti Azii*. [Notes on some peoples and lands of the central part of Asia] M., 1968. 79 s. [in Russian]
23. *Qazaqstan: ulttiq encklopediya*. [Kazakhstan: National Encyclopedia] Almaty, 2005. 702 b. [in Kazakh]
24. Tabirizuli S. *Sozaq oniri* [Suzak region] Almaty, 2007. 432 b. [in Kazakh]
25. Taleev D.A. *Qaratawdın teriskey betindegi keyingi ortagasırlıq qalalar: Sozaq, Qaraqurım jane Ilan-Qarawıl* [Late medieval cities on the northern slopes of Karatau: Suzak, Karakurum and Ilan-Karaul] // *Marğulan oqwlari – 2022: xalqaralıqğılımi-tajiribelik konferenciya materialdari*. Almaty, 2022. 48-57 b. [in Kazakh]